

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1508 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 750 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.09.2015 № 750 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығын қараңыз.

«Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	29 қарашадағы
№ 1508 қаулысымен	
бекітілген	

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және

Қазақстан Республикасындағы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі – өлшеу құралдарының және электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеуге, жинақтауға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен жиынтығы;

2) электр энергиясын өндірудің – тұтынудың теңгерілімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету шарты – жүйелік оператор және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері немесе олардың теңгерім провайдерлері арасында жасалатын шарт;

3) реттеуге қатысуға арналған өтінім – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі бойынша электр энергиясының теңгерімсіздігін табиғи реттеуге қатысу үшін теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушілердің/сатып алушылардың жүйелік операторға беретін теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізуге/сатып алуға арналған жазбаша құжат;

4) теңгерімдеу аймағы – қуаттың біртұтас резервін пайдалануға, теңгерімдеуші электр энергиясының бірыңғай бағасын қолдануға кедергі келтіретін техникалық сипаттағы шектеу қойылмаған Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінің бір бөлігі;

5) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының имитациялық режимі (бұдан әрі – имитациялық режим) – электр энергиясының теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді жүзеге асырмастан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі;

6) теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізуші/сатып алушы – реттеуге қатысуға берілген өтінімге сәйкес электр энергиясының теңгерімсіздігін табиғи реттеуге қатысатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

7) теңгерім провайдері – жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясын өндіру-тұтынудың өзінің теңгерімсіздіктерін де, электр энергиясы нарығының басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін де қаржылық реттеу үшін жауапкершілік қабылдаған электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

8) жүктеме бейіні – көтерме сауда нарығы тұтынушысының (энергиямен жабдықтаушы ұйым) электр энергиясын тұтынудың сағаттық мәнін есептеудегі (сальдо-ағыны) жүйелік оператормен келісілген (айқындалған) есептеу алгоритмі. Жүктеме бейіні коммерциялық есепке алудың сағаттық деректер жүйелері (аспаптары) болмаған жағдайда тұтынудың нақты сағаттық шамаларын есептеу үшін (сальдо-ағыны) пайдаланылады;

9) есеп айырысу кезеңі – нәтижесінде Қазақстан Республикасының электр

энергиясының теңгерімдеуші нарығында электр энергиясын сатудың орталықсыздандырылмаған және орталықтандырылған нарықтарында шарттар бойынша электр энергиясын сатып алу-сату көлемдеріне соңғы есеп айырысулар жүргізілетін күнтізбелік ай;

10) есеп айырысу орталығы – жүйелік оператордың атынан теңгерімдеуші нарықта операцияларды және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын жүйелік оператордың еншілес ұйымы;

10-1) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы (бұдан әрі – есеп айырысу-қаржы орталығы) – жүйелік оператор құратын және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алуды және сатуды «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) сұрыпталған тізім – теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу/сатуға мәлімделген бағалар бойынша реттеуге қатысу үшін берілген өтінімдердің реттелген тізімі;

12) өсіруге бағытталған реттеу – Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі бойынша электр энергиясының теңгерімсіздігін өтеу мақсатында жүйелік оператордың өндіруді арттыру немесе тұтынуды азайту үшін реттеуге қатысуға берілген өтінімдерді жандандыру жөніндегі әрекеті;

13) төмендеуге бағытталған реттеу - Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі бойынша электр энергиясының теңгерімсіздігін өтеу мақсатында жүйелік оператордың өндіруді азайту немесе тұтынуды арттыру үшін реттеуге қатысуға берілген өтінімдерді жандандыру жөніндегі әрекеті;

14) электр энергиясының сальдо-ағыны – электр беру желісінің белгілі бір тобы (қимасы) арқылы немесе коммерциялық есепке алу нүктелері арқылы электр энергиясын қабылдау/босату мәнінің алгебралық сомасы;

15) электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелері – электр энергиясының көтерме сауда нарығында қаржылық өзара есеп айырысу жүзеге асырылатын, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің құрамына кіретін, электр энергиясын есептеудегі жүйелік оператормен келісілген өлшеу кешендері;

16) электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі жүйелік оператор көрсететін қызмет;

17) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі – жүйелік оператор жасаған орталықсыздандырылған және орталықтандырылған сауда нарықтарында, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында есепті кезең ішінде өндірілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемдерін атаулы бөлуді белгілейтін құжат. Нақты теңгерім Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін негіз болып табылады;

18) электр энергиясының теңгерімсіздігі - электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты шамасының электр энергиясын өндіру-тұтынудың сағаттық тәуліктік кестесіндегі жүйелік оператор бекіткен шамадан ауытқуы;

19) теңгерімдеуші электр энергиясы – электр энергиясын өндірудің-тұтынудың жүйелік оператор бекіткен сағат сайынғы тәуліктік кестесін іске асыру кезінде туындайтын теңгерімсіздікті жою үшін пайдаланылатын электр энергиясы;

20) электр энергиясының теңгерімдеуші нарық жүйесі – жүйелік операторда орнатылған және теңгерімдеуші нарықты басқару, теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемі мен құнын айқындау, сондай-ақ нарыққа қатысушылар арасында есеп айырысу жүргізу үшін қажетті барлық ақпаратты алу жөніндегі орталық тетік болып табылатын аппараттық бағдарламалық кешен.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 № 376 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қатысушылар электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу нәтижелері бойынша жүйелік оператор ұсынатын теңгерімдеуші электр энергиясы көлемін есептеу негізінде электр энергиясын өндірудің-тұтынудың шарттық және физикалық шамалары арасындағы теңгермелі электр энергиясы нарығында қаржылық реттеу үшін өзара міндеттемелер алады.

4. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері меншік нысанына қарамастан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысады.

5. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу жағдайында теңгерімдеуші нарық субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау тетігін пысықтау, Қазақстан Республикасының бірыңғай электр жүйесіндегі электр энергиясын өндіру-тұтынудағы теңгерімсіздіктің нақты шамаларын айқындау, реттеуші қуатқа қажеттілігін нақтылау, теңгерімдеуші электр энергиясының бағалар ауқымын айқындау мақсатында теңгерімдеуші нарықтың жұмысы 2016 жылға

дейін имитациялық режимде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.12.2013 № 1417 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Электр энергиясының теңгерімді нарығының жұмыс істеу тәртібі

1. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысушылардың өзара іс-қимылы

6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жүйелік оператормен электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі жүйелік қызметтерді көрсетуге жасалған шарттар негізінде нақты уақыт режимінде де, имитациялық режимде де жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысады.

7. Электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі жүйелік оператордың қызметтеріне ақы төлеуді:

1) энергия өндіретін, оның ішінде өнеркәсіп кешендерінің құрамына кіретін ұйымдар энергия өндіруші ұйымдардың шинасынан босатылған электр энергиясының нақты көлемі үшін, сондай-ақ бөлшек сауда нарығының тұтынушылары (оның ішінде жеке тұлғалар) осы энергия өндіруші ұйымдардан тікелей сатып алған электр энергиясының нақты көлемі үшін;

2) энергия беруші ұйымдар энергия беруші ұйымдардың желілеріндегі электр энергиясының технологиялық шығысын өтеу және энергия беруші ұйымдардың шаруашылық қажеттіліктері үшін алынған, сондай-ақ бөлшек сауда нарығының тұтынушылары тікелей өңірлік энергия өндіруші ұйымдардан алған және энергия беруші ұйымдардың желілері бойынша берілген электр энергиясының нақты көлемі үшін;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда және бөлшек сауда, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс нарықтарда энергиямен жабдықтаушы ұйымның тұтынушылары үшін алынған электр энергиясының нақты көлемі үшін;

4) электр энергиясының көтерме сауда нарығының тұтынушылары электр энергиясының көтерме сауда, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс нарықтарда алынған электр энергиясының нақты көлемі үшін, сондай-ақ өнеркәсіп кешендерінің энергия өндіруші ұйымдарынан осы кешендердің құрамына кіретін кәсіпорындар мен бірлестіктер тұтынған электр энергиясының нақты көлемі үшін жүргізеді.

8. Жүйелік оператормен өз бетінше электр энергиясының өндіру-тұтынуын теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге шарт жасасқан электр

энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында меншікті теңгерімсіздік бойынша теңгерім провайдерлері болып табылады не меншікті теңгерімсіздікті табиғи және қаржылай реттеу жауапкершілігін басқа теңгерім провайдеріне береді.

9. Электр энергиясы нарығының теңгерім провайдерлері болып табылмайтын электр энергиясының көтерме нарығының субъектілері теңгерім провайдерімен электр энергиясындағы теңгерімсіздікті қаржылық реттеу бойынша қызметтер көрсетуге ш а р т ж а с а с а д ы .

Электр өндіруші ұйымдардың шиналарына тікелей немесе өңірлік деңгейдегі желілерге қосылған және екі жақты шарт бойынша олардан электр энергиясын алатын бөлшек сауда субъектілері үшін теңгерім провайдері энергия өндіруші ұ й ы м б о л ы п т а б ы л а д ы .

10. Электр энергиясының көтерме нарығының субъектілері – энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы, энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, электр энергиясындағы теңгерімсіздік үшін дербес жауапкершілік алатынына, не өз жауапкершілігін теңгерім провайдеріне бергеніне қарамастан м ы н а л а р д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і :

1) теңгерімдік тиесілілік шегіне келтіре отырып коммерциялық есеп нүктелерінің тізбесіне сәйкес электр энергиясын сағат бойынша есептеу және теңгерім провайдеріне, сондай-ақ көтерме нарық субъектісі желілеріне тікелей қосылған энергия беруші ұйымдарға жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесінің орталық дерекқорына келісілген хаттамалар бойынша электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған дерекқорынан сағат бойынша есептеу деректерін беру;

2) көтерме сауда нарығының сабақтас субъектілеріне және желілеріне тікелей қосылған энергия беруші ұйымдармен бірге электр энергиясы ағынының сағат бойынша есебінің он күндік актілерін қалыптастыру және келісу;

3) тәуліктік кестені жасау үшін электр энергиясын өндіру/тұтынудың, сатып алу/сатудың жоспарланған көлемдері туралы деректерді уақытында беру және түзету е н г і з у (қажет болған жағдайда);

4) теңгерім провайдерлерімен немесе есеп айрысу орталығымен электр энергиясын сағаттық теңгерімсіздіктерін сатып алу-сату бойынша уақтылы о п е р а ц и я л а р .

11. Электр энергиясының орталықсыздандырылған және орталықтандырылған сауда нарығында имитациялық режим кезеңінде нарықтың субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу пайдаланылған электр энергиясының нақты көлемі үшін жасалады, электр энергиясының теңгерімсіздігіне қаржылық реттеу жүргізілмейді. Бір күндік кестемен берілген энергия көлемінен көтерме сауда нарығындағы субъектілердің электр

энергиясын өндіру-тұтыну көлемдерінен ауытқуы тек жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімділігін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге шарт болған жағдайда рұқсат етіледі.

12. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде жүйелік оператор:

1) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің тұрақты және сенімді жұмысына, тұтынушыларды энергиямен үздіксіз қамтамасыз етуге қажетті қуат резервтерін дайындықта ұстау бойынша қызметтерді сатып алады;

2) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі бойынша электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи реттеу кезінде олардың диспетчерлендіру реттілігін айқындайтын теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізуге/сатып алуға арналған өтінімдердің сұрыпталған тізімін жасайды;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи реттеуді жүзеге асырады;

4) теңгерім провайдерлерімен қаржылық міндеттемелерді реттеуді жүргізеді, оның ішінде теңгерім провайдерлері электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерінің бағалары мен көлемдерін айқындауды жүзеге асырады;

5) осы Қағидалардың 35, 36, 37-тармақтарына сәйкес іске қосылған теңгерімдеуші электр энергиясының бағалары мен көлемдерін айқындауды жүзеге асырады;

6) жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілерінен меншік нысанына қарамастан ақпарат алады;

7) табиғи теңгерімсіздіктерді реттеуге және электр энергиясын теңгерімдеуші жеткізушілермен/сатып алушылармен қаржылық өзара есеп айырысуларды жүзеге асыруға қатысуға өтінімдер беру регламентін әзірлейді.

13. Жүйелік оператор тәуліктік кестені құрастыру кезінде оған жүйелік оператормен не теңгерім провайдерімен теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге шарттар жасасқан электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін ғана қосады. Теңгерім провайдерлері теңгерімдеуші нарықта жасасқан шарттарының талаптарын бұзған жағдайда жүйелік оператор көтерме сауда нарығының субъектілерінің ауытқуларға жол бермей, тәуліктік кестені және электр энергиясын жеткізу-тұтынудың айлық көлемін орындауын қамтамасыз етеді.

14. Теңгерім провайдері бір теңгерім аймағында орналасқан көтерме сауда нарығының субъектілерімен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуге арналған шарттар жасасады.

15. Теңгерім провайдері шарттық негізде электр энергиясының

теңгерімсіздіктері үшін жүйелік оператордың алдындағы жауапкершілігін теңгерім провайдеріне берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеу бойынша қызмет көрсетеді.

16. Көтерме сауда нарығы субъектісінің басқа теңгерім провайдеріне ауысуы кемінде бір ай бұрын теңгерім провайдері мен жүйелік операторды қызметтерден бас тарту және шарттың қолданысын тоқтату туралы алдын ала хабардар еткеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте теңгерім провайдері хабарламаны алғаннан кейін 3 тәуліктен кешіктірмей, электр энергиясының теңгерімі үшін өзіне жауапкершілік қабылдаған электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері құрамының алдағы болатын өзгерістері туралы жүйелік операторды хабардар етеді. Электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектісі келесі айдың бірінші күнінен бастап қана басқа теңгерім провайдеріне ауыса
а л а д ы .

17. Теңгерім провайдері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) электр энергиясының теңгерімі үшін жауапкершілік қабылдаған және электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу жөнінде қызмет көрсетуге олармен шарттар жасасқан электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектілерінің құрамы мен коммерциялық есепке алу нүктелерін жүйелік оператормен келіседі;

2) электр энергиясын өндіру-тұтыну, беру-қабылдау, сатып алу-сатудың жоспарланған сағаттық мәндері туралы деректерді қалыптастырады және жүйелік операторға береді;

3) бекітілген тәуліктік кестенің мүмкін болатын түзетулерін жүйелік оператормен келіседі;

4) келісілген хаттамалар бойынша электр энергиясын беру-қабылдаудың нақты сағаттық мәндерін қалыптастырады және жүйелік операторға береді;

5) жүктеме профилін жүйелік оператормен келіседі;

6) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінен, жүйелік оператордан осы Қағидалармен айқындалған функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алады;

7) жүйелік оператормен электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді, оның ішінде жүйелік оператордың есеп айрысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операцияларды жүзеге асырады;

8) жүйелік оператор алдындағы электр энергиясы теңгерімсіздігі үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне берген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерімен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүзеге асырады.

18. Теңгерімдеуші нарықтағы теңгерімдеуші электр энергиясының жеткізушілері/сатып алушылары:

1) жүйелік оператор белгілеген регламентке сәйкес табиғи теңгерімсіздіктерді реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді жүйелік операторға беруді;

2) берілген өтінімге сәйкес электр энергиясын өндіру немесе тұтыну режимін жедел өзгертуге арналған жүйелік оператордың тапсырмасын орындауды;

3) жүйелік оператордың есеп айрысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операцияларды;

4) осы Қағидаларда айқындалған функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты жүйелік операторға беруді;

5) келісілген хаттама бойынша электр энергиясын берудің нақты сағаттық мәндерін жасау мен жүйелік операторға беруді жүзеге асырады.

19. Электр энергиясын есептеудің өлшеуші кешеніне ие немесе оны шарттық негізде пайдаланушы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысушысы жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесімен электр энергиясының коммерциялық есептеудің деректерімен алмасуды қамтамасыз етеді.

20. Электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйелерінің ақпарат алмасу хаттамасының регламенті және құрылымы жүйелік оператор қолданатын жүйемен біріздендірілген. Жүйелік оператор тараптармен келісе отырып, коммерциялық ақпарат алмасу хаттамасын ауыстырады.

21. Жүйелік оператор теңгерім провайдері электр энергиясының меншікті теңгерімсіздіктерін есептеуге қажетті коммерциялық есепке алу дерекқорынан алынған электр энергиясының көтерме нарығы субъектілері туралы деректерді келісілген мерзімде және келісілген хаттамаға сәйкес теңгерім провайдерлеріне ұсынады.

2. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи реттеу

22. Көтерме нарық субъектілері – теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушілер/сатып алушылар жүйелік операторға келесі операциялық тәуліктерге арналған реттеуге қатысу жөніндегі өтінімдерін жібереді.

23. Алдағы операциялық тәуліктердің әрбір сағаты үшін қатысуға арналған өтінім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) энергия өндіруші ұйымның немесе электр энергиясын тұтынушының а т а у ы ;

2) энергия өндіруші ұйым немесе электр энергиясын тұтынушы орналасқан ө н і р ;

3) ұсынылатын реттеудің бағыты - энергия өндіруші ұйымдар үшін тиісінше

электр энергиясын өндіруді өсіруді немесе азайтуды, сондай-ақ тұтынушылар үшін электр энергиясын тұтынуды азайтуды немесе ұлғайтуды білдіретін өсіруге немесе азайтуға бағытталған реттеу;

4) операциялық тәуліктердің әрбір сағатына арналған реттеудің әрбір бағыты үшін ұсынылып отырған реттеудің шамасы;

5) өсіруге арналған реттеу кезінде теңгерімдеуші электр энергиясының бір к В т с бағасы ;

6) азайтуға арналған реттеу кезінде теңгерімдеуші электр энергиясының бір к В т с бағасы ;

7) ұсынылып отырған толық көлемдегі шаманың жиналуы/түсуі уақыты (мин) ;

8) операциялық тәуліктер ішінде реттеу үшін ұсынылып отырған электр энергиясының теңгерімдеуші көлемі.

Ұсынылып отырған реттеудің шамасы 10 МВт есе болуы тиіс. Жүктеменің толық жиналуының/түсуінің барынша көп уақыты 1 сағаттан аспауы тиіс.

24. Жүйелік оператор реттеуге қатысуға түскен өтінімдерге техникалық сараптама жүргізеді. Өтінім теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушінің келісімі бойынша түзетілуі немесе өтінімді реттеу үшін қабылдауға мүмкіндік бермейтін келесі техникалық себептерді көрсете отырып, кейінге қалдырылуы мүмкін :

электр қуатын беру желілерінің өткізу қабілетінің шектеулілігі; теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізу/сатып алу жөніндегі теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушінің өтінімде көрсетілген мүмкіндіктерімен іс жүзіндегі мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуі.

25. Қуат резервтерін әзірлікте ұстау жөнінде қызмет көрсетуге арналған шарттардың негізінде реттеуге қатысуға арналған өтінімдер шарттың талаптарына сәйкес автоматты түрде жасалады және сұрыптау тізіміне енгізіледі. Теңгерімді электр энергиясын жеткізуші реттеуді арттыру кезінде теңгерімдеуші электр энергиясының бағасын төмендетуге, не болмаса азайтуға реттеу кезінде теңгерімдеуші электр энергиясының бағасын арттыруға арналған өтінім бере алады .

26. Реттеуге қатысуға қабылданған өтінімдер:

1) теңгерімдеуші электр энергиясының мәлімделген бағасының өсу ретімен арттыру бойынша ;

2) теңгерімдеуші электр энергиясының мәлімделген бағасының кему ретімен кему бойынша сұрыпталады .

27. Сұрыптау тізіміне енгізілген реттеуге қатысуға арналған өтінімдер жүйелік оператордың тапсырмасы бойынша орындау үшін міндетті.

28. Қуат резерві жетіспеген жағдайда, жүйелік оператор реттеуге қатысуға

арналған қосымша өтінімдерді қабылдауды жариялайды.

29. Жүйелік оператор мына жағдайларда сұрыпталған тізімге сәйкес реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді жандандырады:

1) жиіліктің Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жұмысының оқшауландырылған режимінде номиналдық мәндерінен а у ы т қ у ы ;

2) іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі мемлекетаралық электр энергиясының сальдо-ағындарының нақты мәндерінің келісілген тәуліктік кестедегі м ә н д е р і н е н а у ы т қ у л а р ы ;

3) қималардағы жүктемелер;

4) технологиялық бұзушылықтар мен авариялардың алдын алу, о қ ш а у л а н д ы р у ж ә н е ж о ю .

30. Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының сальдо-ағыны теңгерімсіздігінің мәні оң болған жағдайда, арттыруды реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді жандандырады. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы теңгерімсіздігінің мәні теріс болған жағдайда, жүйелік оператор азайтуды реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді ж а н д а н д ы р а д ы .

31. Жүйелік оператор бірінші кезекте 15 минуттан аспайтын толық мәлімделген жүктемені біртіндеп жинай/тастай отырып, реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді ж а н д а н д ы р а д ы .

32. Жүктемені жинау/тастау жылдамдығын есепке ала отырып, электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи реттеу үшін жүйелік оператордың тапсырмасы бойынша іске қосылған реттеу көлемі бекітілген тәуліктік кестенің түзетілімі ретінде тіркеуге алынады. Түзетілген тәуліктік кестеден ауытқу электр энергиясының теңгерімсіздіктері ретінде қаралады және қаржылық реттеуге ж а т а д ы .

33. Реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді іске қосу нәтижелері бойынша теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату мәмілелері жасалады.

Жүйелік оператор теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату бойынша өткізілген сауда-саттық нәтижелері туралы хабарламаға қол қояды және оны теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушіге/сатып алушыға жібереді, онда мыналар көрсетіледі: теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушінің/сатып алушының атауы, оның пошталық және банктік деректемелері, қызмет көрсету кезеңі, теңгерімдеуші электр энергиясын сату/сатып алу көлемі, сұрыпталған тізім бойынша қалыптасқан баға, теңгерімдеуші электр энергиясының құны.

Жүйелік оператор тәуліктік кестеде теңгерімдеуші электр энергиясын

жеткізушілердің/сатып алушылардың электр энергияны өндіру-тұтыну көлемдеріне түзетулер енгізуді жүзеге асырады.

34. Теңгерімдеуші электр энергиясының көлемін есептеу реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді жандандыру туралы жүйелік оператордың деректері бойынша есеп айырысу кезеңіндегі операциялық тәуліктерінің әрбір сағаты үшін жүзеге асырылады.

35. Есеп айырысу кезеңіндегі операциялық тәуліктердің әрбір сағаты осы сағатта Жүйелік оператор жүргізген реттеудің барынша көп көлемінің өлшемдері бойынша төмендегідей айқындалады:

- 1) арттыруға арналған реттеу сағаты;
- 2) азайтуға арналған реттеу сағаты;
- 3) реттеусіз сағат.

36. Есеп айырысу кезеңіндегі операциялық тәуліктердің әрбір сағаты үшін теңгерімдеуші электр энергиясының бағасы сұрыптау тізімінен түскен осы сағатта соңғы іске қосылған ұсыныстардың бағасымен айқындалады.

37. Ұлттық электр желісінде технологиялық бұзушылықтар мен авариялардың алдын алу, оқшауландыру және жою жөнінде (қолмен немесе жүйелік аварияға қарсы автоматиканың іс-қимылымен) операция жүргізілген уақыт кезеңінде технологиялық бұзушылықтар мен авариялардың алдын алу, оларды оқшаулау және жою кезінде жүйелік оператор азайтуға не болмаса арттыруға арналған реттеу жүргізілгеніне қарамастан, реттеусіз сағат ретінде айқындайды. Теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушілермен барлық өзара есеп айырысуларды реттеусіз сағат үшін айқындалатын (осы Қағидалардың 46-тармағы) электр энергиясы теңгерімсіздігінің бағасы бойынша жүйелік оператор жүргізеді.

38. Электр желілері учаскелерінің қималары шектен тыс жүктелген жағдайларда, реттеуге қатысуға арналған өтінімдерді іске қосудың реттілігі шектен тыс жүктелген қимаға қатысты теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізушінің орналасқан орнына қарай айқындалады:

- 1) жүйелік оператор қиманың шектен тыс жүктемесін тіркейді;
- 2) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігін теңгерімдеудің жекелеген аймағына бөлу туралы шешім қабылдайды;
- 3) сұрыпталған тізімді бөлінген аймақтарға сәйкес бөледі;
- 4) әрбір аймақ бойынша жеке электр энергиясы теңгерімсіздіктерін табиғи реттеу жөніндегі барлық операцияларды жүргізеді.

39. Қималар шектен тыс жүктелген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі теңгерімдеудің түрлі аймақтарына бөлінген жағдайда, теңгерімдеуші электр энергиясының бағасы әрбір аймақ бойынша жеке айқындалады.

40. Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жекелеген бөліктерінің жеке жұмысы кезінде, оның ішінде жоспарлы және авариялы жөндеулер кезінде қуаттардың резервтерін дайындықта ұстау жөніндегі барлық операциялар, теңгерімдеуші электр энергиясын жеткізуге/сатып алуға арналған өтінімдердің сұрыпталған тізімін жасау, электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи және содан кейін қаржылық реттеу әрбір аймақ бойынша бөлек жүргізіледі.

41. Имитациялық режимде жүйелік оператор теңгерімсіздіктерді табиғи реттеу мақсатында электр энергиясын сатып алу-сатуды, сондай-ақ қуаттылықты реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады. Қуаттарды реттеу жөніндегі қызметтерді көрсету шарттарында қызметтер көлемі мен оларды пайдалану талаптары айтылады.

42. Имитациялық режимде теңгерімсіздіктерді табиғи реттеу мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) жүйелік оператор электр энергиясын сатып алу/сату көлемдерін, сондай-ақ Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергияны өндірудің және тұтынудың болжамды теңгерімдері негізінде қуаттылықтарды реттеу жөніндегі сатып алынатын қызметтер көлемін айқындайды және электр энергияны сатып алуды/сатуды және қуаттылықты реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

2) жүйелік оператор электр энергияны сатып алу-сатуға және қуаттылықты реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуға жасалған шарттарды мынадай жағдайларда іске қосады:

жиіліктің Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі жұмысының оқшауландырылған режимінде номиналдық мәндерінен ауытқуы;

іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі мемлекетаралық электр энергиясының сальдо-ағындарының нақты мәндерінің келісілген тәуліктік кестедегі мәндерінен ауытқуы;

технологиялық бұзушылықтар мен авариялардың алдын алу, оқшауландыру және жою;

3) жүйелік оператор мен нарық субъектісінің арасындағы келісім бойынша электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартта аталған нарық субъектісінің ықтимал теңгерімсіздіктерінің диапазоны белгіленеді;

4) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарда көзделген ықтимал теңгерімсіздіктер

диапазонының шегінде ғана теңгерімсіздіктерге жол беріледі. Бұл ретте, тәулік және есеп айырысу кезеңі бойынша теңгерімсіздіктердің алгебралық сомасы (сальдо) нөлге тең болуы тиіс;

5) жүйелік оператор нарық субъектілерінің ықтимал теңгерімсіздіктер диапазонын және теңгерімсіздіктердің нөлдік сальдосын сақтауына мониторингті жүзеге асырады және нарық субъектісі осындай шарттарды бұзған жағдайда электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шектеулерді енгізеді.

3. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу

43. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүйелік оператор теңгерім провайдерлерімен теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жүзеге асырады, бұл ретте есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын теңгерім провайдерлерімен теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша жүзеге асырады.

44. Жүйелік оператор электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеуді төмендегідей жүзеге асырады:

1) электр энергиясын сағаттық коммерциялық есепке алу жүйелерінің (аспаптардың) деректері негізінде теңгерім провайдері қабылдаған/босатқан электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі анықталады. Бұл ретте, теңгерім провайдерінің электр энергиясын қабылдауы «+» белгісімен айқындалады, электр энергиясын босатуы «-» белгісімен айқындалады;

2) теңгерім провайдері үшін электр энергиясының теңгерімсіздігі жүйелік оператор бекіткен тәуліктік кестедегі (келісілген түзетулерді есепке ала отырып) осы сағат үшін көрсетілген көлемнен бір сағат ішінде қабылданған/босатылған электр энергиясының іс жүзіндегі көлемінің алгебралық айырмасы ретінде е с е п т е л е д і ;

3) теңгерім провайдерінің электр энергиясының оң теңгерімсіздігі тәуліктік кестеде көрсетілген көлемнен артық электр энергиясын тұтынуды немесе электр энергиясының іс жүзінде жеткіліксіз берілуін білдіреді. Теңгерім провайдерінің электр энергиясының теріс теңгерімсіздігі шартта көрсетілген төмен электр энергиясының іс жүзіндегі тұтынылуын немесе электр энергиясының артық б е р і л у і н білдіреді ;

4) деректерді автоматты түрде берудің техникалық мүмкіндіктері жоқ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері күн сайын Жүйелік операторға келісілген хаттама бойынша тұтынудың/жеткізудің сағаттық есебінің, көтерме сауда нарығының аралас субъектілерімен және желілеріне тікелей

қосылған энергия беруші ұйымдармен электр энергиясы сальдо-ағынының деректерін жібереді. Келісілген деректер электр энергиясының теңгерімсіздіктерін алдын ала есептеу және бұл ретте туындайтын қаржылық міндеттемелер үшін негіз болып табылады;

5) теңгерім провайдерінің электр энергиясының сағаттық коммерциялық есепке алу жүйелерінің (аспаптарының) деректері жоқ болған жағдайда, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздігі осы Қағидалардың 19, 20, 21-тармақтарына сәйкес есеп айырысу жолымен айқындалады;

6) есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша электр энергиясын есепке алу деректерін растау актісі ресімделеді. Теңгерім провайдері қабылдаған/босатқан электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі есептік кезеңдегі сағаттық мәндерінің сомасынан ауытқыған жағдайда, сағаттық мәндерге түзетулер енгізіледі және теңгерім провайдерінің электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктері қайта е с е п т е л е д і ;

7) жүйелік операторға келісілген актілерді ұсынбау электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің, теңгерім провайдерінің жүйелік оператордың осы Қағидалардың 2-бөлімінің 5-кіші бөліміне сәйкес есеп айырысу әдісін пайдалануға келісім бергенін білдіреді.

45. Электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйелері жоқ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісін ресімдейді, оның негізінде теңгерім провайдері қабылдаған/берген электр энергиясының іс жүзіндегі көлемі а й қ ы н д а л а д ы .

46. Жүйелік оператор, есеп айырысу-қаржы орталығын қоспағанда, әрбір теңгерім провайдері үшін тәуліктің әрбір сағатына электр энергиясының теңгерімсіздігі үшін төлемдерді есептеуді жүзеге асырады:

1) арттыруға арналған реттеу сағаты үшін теңгерім провайдерлері оң теңгерімсіздіктер үшін дебетке жазылады және теріс теңгерімсіздіктерге арттыруға арналған сұрыптау тізімінде соңғы іске қосылған теңгерімдеуші электр энергиясының бағасы бойынша кредиттеледі;

2) азайтуға арналған реттеу сағаты үшін теңгерім провайдерлері оң теңгерімсіздіктер үшін дебетке жазылады және теріс теңгерімсіздіктер үшін азайтуға арналған сұрыптау тізімінде соңғы іске қосылған теңгерімдеуші электр энергиясының бағасы бойынша кредиттеледі;

3) реттеусіз сағат үшін теңгерім провайдерлері оң теңгерімсіздіктер үшін дебетке жазылады және теріс теңгерімсіздіктер үшін спот-сауда-саттығындағы осы сағатта электр энергиясының клирингтік бағасымен айқындалатын электр энергиясының бағасы бойынша кредиттеледі. Есеп айырысу сағатында спот-сауда-саттығы болмаған жағдайда, электр энергиясы теңгерімсіздігінің

бағасы орталықтандырылған сауда-саттықта ұқсас кезеңдегі клирингтік баға ретінде айқындалады;

4) есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша шектес мемлекеттердің ұйымдарымен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен, есеп айырысу-қаржы орталығымен жасалған шарттар мен өзара қарым-қатынастардың өзге талаптарымен негізделген есеп айырысу дебеті мен есеп айырысу кредитінің көлемдері сәйкес келмеген жағдайда, электр энергиясы оң теңгерімсіздігінің сағаттық бағалары түзетуші коэффициентті есепке ала отырып, қайта есептеледі;

5) арттыруға бағытталған реттеу сағаты және реттеусіз сағат үшін. Жүйелік оператордың есеп айырысу дебеті мен жүйелік оператордың есеп айырысу кредиті сәйкес келмеген жағдайда, теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға сағаттық бағалар түзетуші коэффициентті есепке ала отырып, қайта есептеледі.

Түзетуші коэффициент есеп айырысу дебетінің есеп айырысу кредитіне қатынасы ретінде айқындалады;

6) азайтуға арналған реттеу сағаты үшін. Жүйелік оператордың есеп айырысу дебеті мен жүйелік оператордың есеп айырысу кредиті сәйкес келмеген жағдайда, теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға сағаттық бағалар түзетуші коэффициентті есепке ала отырып, қайта есептеледі.

Түзетуші коэффициент есеп айырысу дебетінің есеп айырысу кредитіне қатынасы ретінде айқындалады.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 № 376 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47. Электр энергиясының анықталған теңгерімсіздіктерін теңгерім провайдерлерімен қаржылық реттеу:

1) он күн сайын жүйелік оператор әрбір теңгерім провайдеріне теңгерімсіздіктер бойынша өзара есеп айырысулар ведомосін жасайды, онда әрбір сағат бойынша теңгерімсіздіктің көлемі мен белгісі, әрбір сағат бойынша теңгерімдеуші электр энергиясының бағасы, есеп айырысу он күндігі үшін дебет пен кредиттің жиынтық көлемі көрсетіледі;

2) жасалған ведомость теңгерім провайдері мен жүйелік оператордың есеп айырысу орталығы арасындағы өзара есеп айырысулар үшін негіз болып табылады;

3) есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі мен теңгерімсіздіктер бойынша айлық өзара

есеп айырысу ведомостар негізінде жүйелік оператордың есеп айырысу орталығы мен теңгерім провайдерлері арасында түпкілікті өзара есеп айырысу жүзеге асырылады.

4. Жүйелік оператордың басқа мемлекеттердің ұйымдарымен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара іс-қимылы

48. Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жасалған шарттарға сәйкес бекітілген тәуліктік кестеде келісілген шарттық сальдо-ағындарынан ауытқуларын табиғи және қаржылық реттеуді жүзеге асырады.

49. Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеру, электр энергиясының шарттық сальдо-ағындарының сақталуы бойынша функцияларды жүзеге асыратып:

- 1) басқа мемлекеттердің ұйымдарымен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен электр энергиясының теңгерімін ұстап тұруға бағытталған қызметтерді көрсетуге және/немесе алуға арналған шарттарды жасасады;
- 2) есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша басқа мемлекеттердің ұйымдарымен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүзеге асырады.

5. Жүктеме профилін айқындау, жүктеме профилі бойынша электр энергиясының теңгерімсіздіктерін есептеуді жүргізу

50. Көтерме сауда нарығының әрбір субъектісі – электр энергиясын тұтынушы немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым үшін теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартта жүктеме профилі – электр энергиясы көтерме сауда нарығы тұтынушысының (энергиямен жабдықтаушы ұйымының) электр энергияны тұтынушының (сальдо-ағын) сағаттық мәндері есебінің алгоритмі көрсетілуі керек.

51. Жүктеме профилі электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің тұтынуын сағат сайынғы өлшеу (сальдо-ағын) болмаған жағдайда, тұтынудың сағат сайынғы мәнін анықтау үшін пайдаланылады.

52. Жүктеме профилі телеметрияның деректері негізінде қалыптасады. Телеметрияның деректері болмаған жағдайда, жүктеме профилі маусымдық өткізілетін сағат сайынғы бақылау өлшеулер, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің жұмыс режимінің басқа өлшемдерінің

статистикалық ақпаратының негізінде қалыптасады және жүйелік оператормен келісіледі. Келісілген профильдің қолданылу мерзімі және оны өзгерту мен келісу талаптары теңгерімді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартта келісіледі.

53. Электр энергиясын тұтынушыда (энергиямен жабдықтаушы ұйымда) келісілген жүктеме профилі болмаған жағдайда, жүйелік оператор тұтынудың сағат сайынғы мәндерін анықтау үшін тұтынудың ұқсас құрылымымен немесе аталған тұтынушының жыл сайын жүргізілетін сағат сайынғы бақылау өлшемдерінің деректері бойынша тұтынушының жүктемесінің үлгілік бейінін анықтайды және пайдаланады.

54. Профильдік тұтынушы (энергиямен жабдықтаушы ұйым) үшін электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеу мынадай түрде жүргізіледі:

1) келісілген (белгіленген) жүктеме профилі негізінде жүктеме профилін толтырудың сағат сайынғы коэффициенті - жүктеменің сағат сайынғы мәнінің тәуліктік мәніне қатынасы анықталады. Жүктемені толтырудың сағат сайынғы коэффициенттерінің сомасы бірлікке тең;

2) егер электр энергиясын нақты тұтынуына (сальдо-ағын) тәулігіне бір рет өлшеу жүргізілетін болса - тәуліктік тұтынудың (сальдо-ағын) нақты көлемі жүктеме профилін толтырудың сағат сайынғы коэффициентіне көбейтіледі. Нақты тұтынудың (сальдо-ағын) алынған сағат сайынғы есептеу көлемі бекітілген тәуліктік кестеде көрсетілген сағат сайынғы шарттық мәндермен салыстырылады. Электр энергиясының айқындалған сағат сайынғы теңгерімсіздіктері теңгерім провайдерінің жүйелік оператормен өзара есеп айырысуды жүргізу үшін негіз болып табылады;

3) көтерме сауда нарығының субъектісі өңіраралық деңгейдегі электр желілеріне энергия беруші ұйымдардың немесе өңірлік электр желілік компанияның желілері арқылы қосылған болса, тәуліктік тұтынудың нақты көлемін анықтау (өлшеу) электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелерінде орнатылған аспаптардың деректері бойынша, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің дерекқорында сақталған деректер және тиісті энергия беруші ұйыммен немесе өңірлік электр желілік компаниямен келісілген формулалар бойынша жүргізіледі. Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің және энергия беруші ұйымның немесе өңірлік электр желілік компанияның электр энергиясын тәуліктік тұтынуының нақты көлемі туралы деректерінде алшақтық болған жағдайда есептесуге жүйелік операторға энергия беруші ұйым немесе өңірлік электр желілік компания берген деректер қабылданады. Өңіраралық деңгейдегі электр желілеріне энергия беруші ұйымның немесе өңірлік электр желілік

компанияның желілері арқылы қосылған электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясы теңгерімсіздігінің шамаларын есептеуге түзету енгізу есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіру актісінің негізінде жүргізіледі;

4) егер нақты тұтынуды (сальдо-ағын) өлшеу тәулігіне бір реттен аз жүргізілетін болса, алдымен орташа тәуліктік нақты тұтыну (сальдо-ағын) есебі айқындалады, содан кейін сағат сайынғы теңгерімсіздік есебі жүргізіледі (осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес);

5) есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша профильдік тұтынушының (энергиямен жабдықтаушы ұйым) коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіру актісі ресімделеді, оның негізінде теңгерім провайдері қабылдаған/босатқан электр энергиясының нақты көлемін айқындайды. Егер электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері қабылдаған/босатқан нақты көлемді есептеу кезеңіндегі сағат сайынғы мәндердің сомасынан ауытқу орындалған жағдайда, сағат сайынғы мәндерге түзету және теңгерім провайдерінің электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін қайта есептеу жүргізіледі.

55. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші ұйымдар үшін жүктемені сағат сайынғы өлшемі болмаған жағдайда, жүктеме профилі телеметрияның деректері бойынша, телеметрияның деректері болмаған жағдайда - тәулік ішіндегі орташа сағаттық шама ретінде айқындалады.

6. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы шарттар

56. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында мынадай шарттар жасалады:

1) жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісімен немесе оның теңгерім провайдерімен жасалатын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт;

2) есеп айырысу орталығының теңгерім провайдерлерімен жасалатын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын сатып алу/сатуға арналған шарт;

3) жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісімен жасалатын қуат резервін әзірлікте ұстау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт;

4) теңгерім провайдерлерінің электр энергиясының көтерме сауда нарығында

теңгерім провайдері болып табылмайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісімен жасалатын электр энергияның теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт.

57. Жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісімен немесе оның теңгерім провайдерімен жасалатын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарттың талаптары мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің - электр энергиясын тұтынушының немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымның жүктеме п р о ф и л і н а й қ ы н д а у ;

3) электр энергиясын есепке алу;

4) электр энергиясының теңгерімсіздіктерін есептеу;

5) а қ ы т ө л е у т ә р т і б і .

58. Есеп айрысу орталығы теңгерім провайдерімен жасасатын Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы электр энергиясын сатып алу/сатуға арналған шарттың талаптары мыналар болып т а б ы л а д ы :

1) электр энергиясы теңгерімсіздіктерінің шамасын айқындау;

2) электр энергиясын есепке алу;

3) а қ ы т ө л е у т ә р т і б і .

59. Жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісімен жасасатын қуат резервін әзірлікте ұстау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттың талаптары мыналар болып табылады:

1) қолданылатын қуат резервінің шамасы мен құнын айқындау;

2) қуат резервін пайдалану тәртібі, жүктеменің жиналуы/тасталу жылдамдығы, жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи реттеу кезінде іске қосқан теңгерімдеуші электр энергиясын арттыруға және төмендетуге арналған реттеу кезіндегі шекті бағаларды анықтау;

3) жүйелік оператордың тапсырмаларын орындайтын қызметтер жеткізушінің м і н д е т т е м е л е р і ;

4) теңгерімсіздіктерді табиғи реттеу кезінде іске қосылған теңгерімдеуші электр энергиясын коммерциялық есепке алу;

5) жүйелік оператор мен қызметтерді жеткізушінің қаржылық м і н д е т т е м е л е р і н а й қ ы н д а у .

60. Теңгерім провайдерлері теңгерім провайдерлері болып табылмайтын

электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерімен жасасатын электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттардың талаптары мыналар болып табылады:

- 1) электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу бойынша теңгерім провайдерлерінің міндеттемелері;
- 2) қаржылық міндеттемелерді есептеу;
- 3) төлемдер жүргізу;
- 4) электр энергиясының есепке алынған теңгерімсіздіктеріне ақы төлеуге кепілдіктері.